

«8D01701- Kazak Dili ve Edebiyatı Öğretmenliği» anabilim dalında Doktor (PhD) akademik ünvanını (derece) hak etmek için araştırmacı Dinara AYTOENOVA'nın hazırlamış olduğu “**Yüksekokretim Kurumlarında Karahanlı Dönemi Edebiyatının Modern Beşeri Eğitim Kapsamında Öğretilmesinin Teorik ve Metodolojik Temelleri**” konulu tez çalışması ile ilgili

## REFERANS MEKTUBU

Dünya küreselleşme süreci ivme kazanırken toplumun her alanında yeni fikirler ortaya çıkıyor. İnsani eğitim yeni bir yönde gelişiyor, bilimsel-teknik, bilgisayar-grafik olanaklarını kullanma sürecinde, yeni teknolojilerin, yöntemlerin ve yenilikçi edebiyat öğretimi fikirlerinin uygulanmasına ek olarak geniş ölçekli bir veri tabanı oluşturuluyor. Ancak milli mirasın ve milli edebiyatın öğretilmesi, her zaman kendi düzeyinde olmalıdır. Milletin milli kimliğinin, manevi değerlerinin ve dilinin korunması ve gelecek nesillere sunulmasının ön şartı olacaktır. Bu nedenle her milletin milli edebiyatını, kültürünü, özelliklerini, müasir medeniyetin gereklerine uygun olarak tanıtmaya, araştırma ve tanıtma işi ön plana çıkmıştır.

Kazak ülkesinin siyasi-ekonomik, kültürel-sosyal gelişiminin yanı sıra mevcut durumun incelenmesi, güncel konuların incelenmesi, konunun bilimsel araştırmalar çerçevesinde öğretilmesi yönlerinin derinleştirilmesi zaman ihtiyacıdır. Ülkemizde bilim alanında meydana gelen köklü değişiklikler, eski edebiyat öğretiminde yeni yönelimlerin öünü açmıştır. Son yıllarda edebiyat araştırmaları iki yönde yürütülmektedir. Biri yapısal, diğeri insan merkezli paradigmadır. Antroposentrik paradigm, edebiyatın doğuş karakteriyle birlikte etnoloji, dilbilimi, kültür bilgisi, etnodilbilimi, etnopsikoloj gibi yeni alanlarla gelişmektedir.

Ele aldığımız konu, kadim edebiyatın bir parçası sayılan Karahanlı dönemi edebiyatının ayrı bir şekilde incelenmesidir. Yukarıdaki görüşümüzle bağlantılı olarak "Karahanlı dönemi edebiyatının olağanüstü mahiyeti", "edebiyat dünyası üzerinden bireyin tanınması", "dil-birey-edebiyat", "edebiyat-dil-tarih" vb. alanlarda araştırmalar yapılmış ve meyvelerini vermeye başlamıştır. Böylece kadim edebiyatın büyük ve önemli bir kısmı olan Karahanlı dönemi edebiyatı, temellerini sağlamlaşmış ve genişletmiştir.

Doktora öğrencisi Dinara AYTOENOVA'nın araştırma çalışması, Karahanlı dönemi edebiyatının Türk diliyle bağlantılı olarak öğretilmesi konusunu gündeme getirmesi açısından çok değerlidir. Çünkü Karahanlı dönemi edebiyatı, Türk dilinin devlet dili olarak tanındığı dönemde yazılan eserlerle doluya, Türk dilini inceleme işi Kaşgarlı mirasıyla yakından ilgilidir ve o döneme ait tarihe önemli bir katkı olarak açıkça kabul edilmektedir. Bu nedenle edebiyat ve dilin birlikte ele alınması Kazak dili ve edebiyatı biliminin gelişmesine ve araştırma alanının genişlemesine büyük katkı sağlayacaktır. Öğrencilerin kendi milletinin değerlerini özümsemelerinde büyük etki yaratacağı kaçınılmaz ve önemli bir konudur. Bu daha önce ele alınmamış güncel bir konudur.

Tezin ilk bölümünde araştırmacı, Karahanlı dönemi edebiyatının olağanüstü karakterini ele almış ve Karahanlı dönemi mirasının incelenmesi ve sistemleştirilmesine yönelik çalışmaları analiz etmiştir. Karahanlı ilim adamlarının eserlerinin aksiyolojik temelleri incelenmiş, ayrıca Karahanlı dönemi edebiyatının ayrı bir ders olarak öğretilmesi meselesi ele alınmış ve edebiyatın felsefi ve psikolojik yönleri kapsamlı bir şekilde ortaya konulmuştur.

İkinci bölümde Karahanlı dönemi edebiyatının öğretilmesi konusundaki felsefi, psikolojik, pedagojik, metodolojik literatür incelenmiş, Karahanlı dönemi edebiyatının özellikleri: felsefi anlamı ve tarihi ve sosyal önkoşulları, Karahanlı dönemi edebiyatı öğretiminin bilimsel ve




pedagojik sorunları ele alınmıştır. Modern beseri eğitim çerçevesinde Karahanlı edebiyatı öğretiminin psikolojik temelleri analiz edilmekte, bu analiz sonucunda ortaya konulan kavram ve önerilere dayanarak kişisel yaratıcılığın geliştirilmesindeki bilimsel ve pedagojik sorunlar, deneyimin gerekçeleri incelenmektedir. Pedagojik teknolojilerin eğitim sürecinde kullanılmasına ilişkin bilgiler verilmektedir. Doktora öğrencisi, çalışmalarını pedagojik çalışmalar çerçevesinde tamamen analiz etmiş ve bunları bütünlendirici öğretim ve meta-okuryazarlık kavramlarıyla ilişkilendiren yeni yorumlar yapmıştır.

Üçüncü bölümde Karahanlı dönemi edebiyatının üniversitelerde öğretilmesinin içeriği ve kişisel yeterliliğin geliştirilmesinin koşulları, uygulama yönleri, Karahanlı dönemi mirasını öğretmede etkili yöntemler ve bunun Karahanlı dönemi edebiyatının öğretiminde kullanılması belirtimmiştir. Karahanlı dönemi mirasının ayrı bir ders olarak öğretilmesi deneyi: kapsamlı bir çalışma sistemi, Karahanlı dönemi edebiyatına hakimiyet sonuçları ve uygulama sonuçları, kullanım verimliliği, ölçümler ve göstergeler belirtimmiştir. Pratik ve deneysel çalışmalarında sınav sonuçları analiz edilmiş ve ders öğretiminin pedagojik ve psikolojik izlenmesi sağlanmıştır. Karahanlı dönemi edebiyatının öğretilmesine yönelik pedagojik, uygulamalı-deneysel çalışmaların sonuçlarına dayanarak hazırlanan sonuç ve önerilere yer verilmiştir. Bu da Karahanlı dönemi edebiyatının öğretiminde kullanılan kapsamlı çalışmaların oldukça başarılı olduğunu göstermektedir. Önerilen bilgi ve iletişim, iş oyunu ve seçilen özgün teknolojiler çerçevesinde verilen özgün metodoloji de araştırma çalışmasının bir yenilikidir.

Sonuç olarak araştırma çalışmasının sonuçları ve ortaya konulan fikirler birbirile yakından ilişkilidir ve bilinçli bir şekilde sıralanmıştır. Tez çalışmasının teorik ve pratik önemi; deneyle, tez öğrencisinin ulaşığı sorunların ve sonuçların kanıtlanmasıyla, Scopus veritabanında yer alan ve K.C. Kalite Güvence Komitesi tarafından onaylanan yayılarda ve uluslararası konferanslarda makalelerin yayınlanmasıyla ortaya konulmaktadır. Tez, Kazakistan Cumhuriyeti'nin doktora tezi gerekliliklerine uygundur.

«8D01701- Kazak Dili ve Edebiyatı Öğretmenliği» anabilim dalında Doktor (PhD) akademik ünvanını (derece) hak etmek için araştırmacı Dinara AYENOVA'nın hazırlamış olduğu “Yükseköğretim Kurumlarında Karahanlı Dönemi Edebiyatının Modern Beşeri Eğitim Kapsamında Öğretilmesinin Teorik ve Metodolojik Temelleri” konulu tez çalışması savunmaya sunulabilir.



Prof. Dr. Hulyo Kasapoğlu ÇENGEL  
Yabancı Uyruklu Tez Danışmanı  
Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi

Айтенова Динара Оразбайқызының 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін жаңа гуманитарлық білім аясында оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына

## ПІКІР

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының ұраныстарымен) байланысы.**

Әлемдік жаһандану үдерісі белең алған сайын, қоғамдағы барлық салаларда тың идеялар өріс алуша. Гуманитарлық білім беру жаңа бағытта дамып, ғылыми-техникалық, компьютерлік-графикалық мүмкіндіктерді колдану барысында әдебиетті оқытудың жаңа технологияларын, әдістемесін, жаңашыл идеяларды жүзеге асырумен қатар, өте ауқымды мәліметтер коры жасалуда. Алайда ұлттық мұралар мен ұлт әдебиетін оқыту ізденісі үнемі өз деңгейінде болуы керек. Ол халықтың ұлттық болмысын, рухани байқазынасын, тілін сақтап, болашакта ұрпақ игілігіне ұсынудың алғы шарты болып табылмақ. Міне, сол үшін әр халықтың қазіргі өркениет талаптарына сай ұлттық әдебиеті мен мәдениетін, ерекшеліктерін жете таныту, зерттеу және оның феномендік сипатын насхаттау ісі алдыңғы орынға шықты.

Қазақ елінің саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік дамуымен қатар қолда барды зерделеп, өзекті мәселелерді зерттеп, ғылыми ізденістер аясында пәнді оқыту бағыттарын терендету – уақыт талабы. Еліміздің ғылым саласында болып жатқан түбекейлі өзгерістер ежелгі әдебиетті оқыту ісіндегі тың, жаңа бағыттағы ізденістерге жол ашты. Соңғы жылдары әдеби зерттеулер екі бағытта жүргізіліп келеді. Бірі – құрылымдық, екіншісі – антропоцентристік парадигма. Антропоцентристік парадигма әдебиеттің генезистік сипатымен бірге этнотаным, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика, этнопсихология, т.б. сияқты жаңа бағыттағы салалармен толықты.

Біз қозғап отырған мәселе – ежелгі әдебиет құрамында қарастырылып келген Қарахан дәуірі әдебиетін бөліп оқыту. Жоғарыда айтылған пікірімізге байланысты «Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипаты», «тұлғаны әдебиет әлемі арқылы тану», «тіл-тұлға-әдебиет», «әдебиет-тіл-тарих» және т.б. бағытта зерттеулер жасалып, өз жемісін бере бастады. Сол арқылы ежелгі әдебиеттің ауқымды әрі маңызды бөлігі, Қарахан дәуірі әдебиеті, іргесін нығайтып, өрістей түсті.

Докторант Д.О.Айтенованиң ғылыми зерттеу жұмысы Қарахан дәуірі әдебиетін түркі тілімен байланыстыра оқыту мәселесін көтерумен құнды. Өйткені Қарахан дәуірі әдебиеті түркі тілінің мемлекеттік тіл ретінде танылған тұсында жазылған еңбектермен еңсөлі болса, түркі тілін зерттеу еңбегі Қашғари мұрасымен тығыз байланысты және сол кезеңдегі тарихтың қомақты үлесі болып танылары анық. Сол себепті әдебиеті мен тілін бірге қарастыру қазақ тілінің де, әдебиетінің де ғылымын дамытуға зор үлес қосары және зерттеу өрісін кеңейтері хақ. Сол арқылы студенттердің өз ұлтының құндылықтарын бойға сіңіруіне ықпалы мол болары сөзсіз әрі өзекті мәселе. Бұл – бұрын қарастырылмаған тың тақырып.

Қазіргі уақытта әдебиет пен тілді оқытудағы дәстүрлі жүйе мен жаңартылған білім бағдарламаларының қатар жүзеге асырылу жағдайында бұл мәселені талдап, талқылау аса манызды. Сонымен қатар, тақырыптың көкейкестілігін ізденуші қазіргі заманғы білім жүйесінде орын алып отырған қайшылықтарды көрсетеді:

1. Жеке пәнді оқыту процесінде тұлғаның сапалы гуманитарлық білім алуды және өз білімін өмірде жарата білу креативтілігін дамыту тәжірибесінің үйлесімділік тенгерімі қалыптаспауы;
2. Тұлға болмысының ғылыми-теориялық, практикалық тұрғыдан кемелденуін кешенді түрде іске асыру мүмкіндіктерінің жүйеленбеуі;
3. ЖОО-да жалпы әдебиетті оқыту әдістемесі қарастырылғанымен ежелгі дәуір әдебиетін оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерінің уақыт талабына сай жеткілікті түрде зертлемеуі;
4. ЖОО-да жаңа гуманитарлық білім беру аясында ежелгі дәуір әдебиеті маманын даярлау қажеттілігі мен оны жүзеге асыру бағытында нақты нәтижеге қол жеткізетін тұжырымдама, бағдарламалардың, әдістемелік кешендердің жоқтығы;
5. Жеке пән ретінде оқыту мәселесі пісіп-жетіліп, айқын көрініп тұрған Қарахан дәуірі әдебиетінің оқытылуы өзге дәуір әдебиетінің тасасында қалып қоюы. Осы қарама-қайшылықтарды шешу жолдарын іздеңдердің максат еткен ізденуші Қарахан әдебиетін оқытуды ғылыми-әдіснамалық негізде, теориялық-әдістемелік тұжырымға сүйене отырып, тұлға ізденісі мен шығармашылығын дамытуға, зерттеу және тың тұжырымдар жасауға қолайлы жағдай туғызу, тиімді оқыту технологиясы мен әдістерін пайдалану және жеке пәнді оқыту негізінде тұлға білімділігіне ықпал ету тиімділігін дәлелдеуге басымдық берген.

Осыдан барып бүгінгі таңда белгілі бір пәнді оқытуда оның кезеңдік ерекшеліктеріне назар аудару, теориялық-әдістемелік негіздеріне сәйкестендірілген оқыту қағидаттарын саралап, білім беру

технологиясын енгізу арқылы тұлғаның өміршөң іс-әрекеттерін қалыптастыру мен шығармашылығын дамыту мәселесі нақтыланып, теориялық және практикалық түрғыда негіздеу қажеттілігі зерттеу маңыздылығы мен өзектілігін айқындалап тұр.

## **2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Ізденуші диссертация тақырыбына сәйкес «Қарахан дәуірі әдебиетінің қалыптасуы және дамуының ғылыми-теориялық негіздері» атты бірінші тарауда Қарахан дәуірі әдебиетінің феномендік сипаты қарастырып, Қарахан дәуірі мұраларының зерттелуі мен жүйеленуі бойынша енбектерге талдау жасап, Қарахан дәуірі туындыларының аксиологиялық негіздерін талдап, Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту мәселесін қарастырган.

«Жаңа гуманитарлық білім беру аясында Қарахан әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздері» атты екінші тарауда Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге талдау жасалып, Қарахан дәуірі әдебиетінің спецификасы: философиялық мәні және тарихи-әлеуметтік алғышарттары, Қарахан дәуірі әдебиетін оқытудың ғылыми-педагогикалық мәселелері қарастырылған. Жаңа гуманитарлық білім беру аясында Қарахан әдебиетін оқытудың психологиялық негіздері талданып, осы талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдамалар мен ұсынымдар негізінде тұлға шығармашылығын дамытудың ғылыми-педагогикалық мәселелері, педагогикалық технологияларды оку процесінде қолдану тәжірибесінің негіздемесі берілген.

«Қарахан дәуірі мұраларын меңгертудің әдістемесі» атты үшінші тарауда, ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мазмұны мен тұлға күзыреттілігін дамыту шарттары, тәжірибеде қолдану бағыттары, Қарахан дәуірі мұраларын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен пәнді оқытуда қолданылуы, Қарахан дәуірі мұраларын жеке пән ретінде оқыту эксперименті: кешенді жұмыстар жүйесі, Қарахан дәуірі әдебиетін менгертуді жузеге асыру нәтижелері мен корытындылары, қолдану тиімділігі, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалып, тәжірибе нәтижесі туралы ақпарат ұсынылған.

Корытындыда Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту бойынша педагогикалық, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде дайындалған тұжырымдар мен ұсыныстар келтіріліп, қосымша да пәнді оқыту нәтижесіне қатысты зерттеулер, пәнді оқыту әдістемелері, силлабус ұлгісі мен мектепте әлективті курс ретінде оқыту бағдарламасы және пәнді оқыту технологиясы бойынша материалдар берілген.

Диссертацияның ғылыми нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар деңгейінде орындалған.

**3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Диссиденттүн әрбір тарау, тарауша бойынша алған нәтижелері мен түйінделген тұжырымдарының барлығы теориялық және тәжірибелік тұрғысынан негізделген. Атап айтқанда,

– Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту бойынша теориялық және әдістемелік негіздері сараланып, топтастырылып, тұжырымдалып берілген;

– Ежелгі әдебиет, оның ішінде Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту мәселелеріне қатысты айтылған пікірлер мен зерттеулерді кезеңдерге бөліп, Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту экспериментінің нәтижелерін саралап көрсеткен. Бұл мәселелер бойынша жасалған тұжырымдар мен алынған нәтижелердің барлығы да ғылымдағы әдіснамалық зерттеулерге, тарихи мәдени, әдебиетті оқыту мен тілтанымдық ойларға, тұжырым-пікірлерге, сонымен қатар, тәжірибелік сабактар мен сауалнамалық эксперименттерге негізделген. Сондықтан зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың шынайылық дәрежесі жоғары дейміз.

**4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелердің барлығын дерлік жаңа деуге негіз бар. Атап айтқанда:

1. Жаһандану дәуірінде Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту, ежелгі дәуір мұраларының тағылымы негізінде білімі кен кемел тұлғаны қалыптастыру мәселесі арнайы зерттеу нысанына алынып, оның маңызы айқындалды.

2. Қарахан әдебиетін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері сараланды. Жеке пән және түркі тілімен үйлестіре оқыту бағыттары бойынша салыстырмалы талдау жасалды. Нәтижесінде пәнді оқыту арқылы метабілімділік және медиақұзіреттілікпен сабактастықта менгертуге мән берілді.

3. Қарахан әдебиетін жеке пән ретінде оқытудың аксиологиялық, акмеологиялық қағидалары, педагогикалық, әдістемелік шарттары, психологиялық тетіктері анықталып, оларды жүзеге асырудың кешенді жолдары дәйектелді.

4. Қарахан әдебиетін оқытудың зертханалық жобасы жүзеге асырылып, пәнді оқытудың заманауи әдістемелік жүйесі ұсынылды. Моделі жасалды.

5. Жалпы білім беретін мектептерге арналған Қарахан әдебиетін оқыту бағдарламасы даярланып, ұсынылды. ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін жеке оқыту силлабусы дайындалып, эксперимент ретінде өткізіліп, тәжірибелік жұмыстар талданып, қорытындыланды.

Осылар ізденушінің ғылыми ізденістері мен тәжірибелі зерттеулерінің нәтижесінде алынған тың ғылыми жаңалықтары болып табылады.

Олай болса, Д. Айтенованаң диссертациясындағы тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық жауап береді.

### 5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертация тақырыбына сәйкес тарау-тараушалары жүйелі құрылған. Ізденуші диссертация тақырыбына сәйкес Қарахан дәуірі әдебиетінің ерекшелігі мен әлеуетін бірінші тарауда, жеке пән ретінде оқытудың жалпы теориялық, әдістемелік мәселелерін екінші тарауда қарастырған. Қарахан дәуірі мұраларын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен пәнді оқытуда қолданылуы, Қарахан дәуірі мұраларын жеке пән ретінде оқыту эксперименті: кешенді жұмыстар жүйесі, Қарахан дәуірі әдебиетін менгертуді жүзеге асыру нәтижелері мен қорытындылары, қолдану тиімділігі, өлшемдері мен көрсеткіштері үшінші тарауда қамтылған.

Зерттеу мақсаты мен осы тараушаларға сәйкес міндеттер де дұрыс қойылған. Зерттеудің нәтижелері бірінен-бірі туындаپ, сабактаса тұжырымдалған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеу жұмысының нәтижелері Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту мәселелері ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан негізделіп, оны менгертудің әдістемелік жүйесі жасалды. Білім мазмұнын жетілдірудің, оқытуды үйімдастырудың жолдары көрсетілді. Осы бағыттагы зерттеу нәтижелері заман талабына сай ежелгі дәуір әдебиетінің бір бөлімін жеке пән ретінде оқытудың толғағы піскен ірі мәселені көтеру арқылы ұлт ғылымын жетілдіруге үлес қосады.

### 7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері: Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда және ҚР ФЖБМ Ғылыми және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы жарияланымдарда «Қарахан дәуірі әдебиетін жеке пән ретінде оқыту», «Әдебиетті оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың педагогикалық аспектілері», «Қарахан дәуірі әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері», «ЖКОО «Қазақ әдебиеті тарихы курсын» оқыту бойынша әдістемелік ұстанымдар» тақырыбында мақалалар жарияланды. Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық университеті мен Шымкент университеті оқу-әдістемелік конференцияларында, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде өткен «З.Ахметов ғылыми мұрасы және қазақ әдебиетінің өзекті мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференцияда «Қарахан дәуіріндегі әдебиетті оқытуда заманауи әдістерді қолданудың тиімділігі» тақырыбында, ОҚМПУ-дың 85 жылдығына орай «Заманауи педагогикалық білім: жаһандану үрдісі және ұлттық код» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясында «Жаңартылған білім мазмұнын тиімді оқытудың әдістемесі» тақырыбында, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына ариалған «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» республикалық ғылыми – практикалық конференциясында «Тәуелсіздік жылдарындағы Ясауитану мәселелері» тақырыбында Қазақ-Ресей университетінде өткен халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясында «Қарахан дәуірі жазба ескерткіштерін тереңдетіп оқыту мәселелері» тақырыбында, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінде өткен «Қазақстандағы қазіргі қазақтілді контент: зерттеу парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда «Қарахан дәуірі әдебиетін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану тиімділігі» тақырыбында, Қарағанды қаласында өткен «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында «ЖОО-да әдебиетті оқытуда қолданылатын белсенді әдістер» тақырыбында мақалалары, жарияланды. Сондықтан диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы толық жеткілікті.

#### **8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

1) Диссертацияның мазмұнын түркітілдес мемлекеттердің ЖОО-да ежелгі әдебиетті, Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту тәжірибелерімен толықтыруға болар еді.

2) Әдебиеттерді рәсімдегендеге кейбір техникалық қателіктер кездеседі.

Алайда бұл ұсыныстар мен ескертпелер диссертацияның мазмұны мен алынған ғылыми нәтижелерге нұқсан келтірмейді деп санаймыз.

#### **9. Мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.**

Айтенова Динара Оразбайқызының 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін жаңа гуманитарлық білім аясында оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сәйкес орындалған.

Айтенова Динара 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Профессор Хулия Касапоглу Ченгел  
Анкара Хажы Байрам Вели университеті

*Hulya Chengel*

